



Қарағанды қаласы

02.04.2016 ж.

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Қазақстанда балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығын, оның ішінде робототехниканы дамыту сұрақтары Қарағанды қаласында талқыланады

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қарағанды облысы білім басқармасымен бірлесе отырып, 2016 жылғы 2 сәуірде балалар мен жастардың арасындағы ғылыми-техникалық шығармашылықтың және робототехниканы дамыту сұрақтары бойынша Халықаралық құрылымдалған сұхбат өткізеді.

Халықаралық құрылымдалған сұхбатқа Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі, үкіметтік емес ұйымдар және бизнес құрылымдар, Қазақстан Республикасы, Ресей Федерациясы және Сербия Республикасының ғылыми-техникалық бағыттағы ұйымдарының өкілдері қатысады.

Халықаралық құрылымдалған сұхбатқа қатысушылар Балалар мен жастардың ғылыми-техникалық шығармашылығы жүйесін дамытудың Тұжырымдамалық тәсілдерін іске асыру мәселелерін, Қазақстан Республикасындағы білім беру робототехникасын дамыту жолдарын талқылайды.

Қазіргі уақытта республикада балалардың техникалық шығармашылығымен қамтылған балалардың саны 2 %-ды құрайды. 28 жас техниктер станциялары, шығармашылық сарайларындағы 340 үйірмеде 7-17 жастағы 28 мыңнан астам оқушы, 1 896 мектепшілік үйірмелерде 27 344 бала шұғылданады.

Аталған іс-шара барысында робототехниканы дамыту бойынша Қарағанды облысы өңірінің тәжірибесі презентацияланады.

Сұхбатқа қатысушылар Халықаралық «RoboLand-2016» робототехника фестивалі аясында бағдарлама бойынша қарастырылған робототехникалық өнімдер көрмесі, семинарлар, презентациялар, шеберлік сыныптары, мектеп

оқушылары және колледж студенттері арасындағы робототехника бойынша оқыту курстары мен жарыстарға қатысады.

Сұхбат қорытындысы ұсынымдар қабылданатын болады.

Іс-шара Қарағанды политехникалық колледжінің акт залында мына мекен-жай бойынша өткізіледі: Қарағанды қаласы, Бұхар-жырау көш., 9-үй.

Толығырақ ақпарат алу үшін келесі телефондарға хабарласа аласыздар:

Астана қаласы: +7 (7172) 729899, 8 (777) 526 36 08; e-mail: aiman.kamzina@mail.ru;

Қарағанды қаласы: +7 (7212) 415194, 8 (701) 978 20 37; e-mail: r.suleimenov@umckrg.gov.kz